



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҒЫРЫҒЫ

# ДЕПУТАТТАР АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАП ЖҮР



Парламент депутаттары аймақтарды аралап, жергілікті тұрғындармен кездесіп жүр. Мұндай басқосулар халық үшін жақыннан естіп, аймақтағы өзекті мәселелерді зерделеудің үлкен мүмкіндігі екені анық. Халық қалаулыларының бұл сапарларының да ұсыныстар мен идеяларға толы болып жатқанын байқауға болады.

(Жалғасы 3-бетте)

## САРАП

Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау – құқықтық мемлекеттің басты мақсаттарының бірі. Ал Қазақстан Республикасында бұл процесте әкімшілік заңнама маңызды рөл атқарады. Соған орай жеке тұлғаның құқықтарына қол сұғатын әрекеттерді реттейтін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 10-тарауына ерекше назар аударған жөн. Мұнда отбасылық және тұрмыстық қақтығыстардан бастап жеке өмірге және азаматтардың беделіне қол сұғуға дейінгі көптеген құқықтар қамтылған, сонымен қатар тілдік және медициналық құқықтарға қатысты мәселелер реттеледі.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР:

### НЕЛІКТЕН ӘҚБТК-нің 10-ТАРАУЫ ӨЗЕКТІ?

Бұл тараудың ерекшелігі – ол алдын алу және жазалау шараларын біріктіреді. Сондықтан мақалада азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау, қозғалыс еркіндігін шектеу немесе ақпарат алу құқығын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартуға қатысты ережелерді сараптаған артық болмайды. Жеке тұлғалардың әл-ауқатын ғана емес, жалпы қоғамдағы тұрақтылықты бұзу мүмкін құқық бұзушылықтарға ерекше назар аудару маңызды. Мәселен, жала жабу, отбасындағы зорлық-зомбылық, тіл таңдау құқығын бұзу және мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу сияқты әрекеттер әлеуметтік келісім мен азаматтық сенім негіздеріне тікелей әсер етеді. Ендеше, нақты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті белгілеп қана қоймай, сонымен қатар әркімнің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге бағытталған азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыруға көмектесетін 10-тараудың негізгі ережелерін талдап көрейік.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 10-тарауы жеке адамның құқықтарына қол сұғатын іс-әрекеттерге арналған, азаматтардың негізгі бостандықтары мен қадір-қасиетін қорғау жүйесіндегі негізгі орынның бірін алады. Әкімшілік жауапкершілік құқықтық реттеудің маңызды элементі бола отырып, заңсыз әрекеттердің алдын алуға ғана емес, сонымен бірге әр адамның іргелі құқықтарын жедел және тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл

тарауда отбасылық-тұрмыстық салада туындайтын құқық бұзушылықтарға, ар-намыс пен қадір-қасиеттің бұзылуына, сондай-ақ азаматтардың бостандықтарын шектейтін іс-әрекеттерге ерекше назар аударылады. Осының өзі жеке адамның құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың кешенді сипатын көрсетеді.

### Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар

Отбасылық-тұрмыстық салада жасалатын құқыққа қайшы әрекеттер әлі де азаматтардың жеке құқықтарын қозғайтын әкімшілік істердің едәуір бөлігін құрайды. Кодекстің 73-бабы адамның қадір-қасиетін қорғауға бағытталған балағат сөздер мен қорлаудан бастап, мүлікке қасақана зиян келтіруге дейінгі көптеген әрекеттерді қамтиды. Мұндай әрекеттер, егер олар қылмыстық жазаланатын әрекет деңгейіне жетпесе де, ауыр психологиялық зиян келтіруі мүмкін, әсіресе осал адамдарға – отбасы мүшелеріне, қарт ата-аналарға немесе балаларға қатысты жасалған кезде. Бұл тұрғыда әкімшілік ықпал ету шаралары келесідей: ескерту, айыппұлдар, қоғамдық жұмыстар, ал кейбір жағдайларда әкімшілік қамауға алу – мәселенің алдын алу мүмкіндік береді.

(Жалғасы 2-бетте)

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨЦІМІ

**Майра ҚҰТТЫБАЕВА, Кентау ҚІБ ҚҚБ-ның Отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, полиция лейтенанты:**

## «ОТБАСЫ ҚАУІПСІЗ БОЛСА, ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗ»

– Майра Сәрсенбайқызы, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берілетін отбасылар қандай негізде есепке алынады?

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңға сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне: тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы өтініштер мен хабарламалар түскен сәттен бастап қаралады және олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданылады, жәбірленушілердің өтініші бойынша олар көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі, профилактикалық әңгімелесу жүргізіледі, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды 3 істер органдарына жеткізеді, қорғау нұсқамасы шығарылады және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

Сондай-ақ, зорлық көрсеткендер сот шешімімен 5-15 тәулікке әкімшілік қамауға алынады, егер де құқық бұзушылық бір жылда тағы қайталанса 10-20 тәулікке әкімшілік қамауға алынады. Ал қылмыстық іс қозғалған жағдайда, сот үкімімен 3 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Учаскелік полиция инспекторлары өздеріне қарасты аумақта құқық бұзушылыққа жол берген адамды анықтап, есепке алады. Яғни, отбасы емес, тек құқық бұзушы есепке алынады. Инспектор бақылау орнатып, қорғау нұсқамасы берілген адамдармен жеке жұмыс жүргізеді. Құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде сот шешімі шықса, соның орындалуын қадағалайды.

– Жәбір қорықтардың жас мөлшері қандай аралықты құрайды? Сонымен қатар, қала аумағында жыл басынан бері қанша

адам құқық қорғау органына шағымданды?

– Негізінен көбінесе 18-39 жас аралығындағы әйелдер жүгінеді. Көбінесе олар жолдасы тарапынан қандай да бір нысанда физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандығын айтып, көмек сұрап келеді. Зардап шеккендер отбасында туындаған мәселелер туралы айта алмайды. Егер олар болашақта өтініш жаса да, оны қайта алып кетеді. Негізгі мәселе – әйелдер мен жасөспірім қыздар агрессордан немесе оның туыстарының іс-әрекеттерінен қорқып немесе жұрттан ұят болады деген ұғыммен, өз құқықтарынан қорғаудан бас тартып және істі сотқа дейін жеткізбейді.

Былтыр отбасы тұрмыстық қатынастар аясында әйелдерге қатысты жасалған құқық бұзушылықтарға сай, ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабы бойынша шағымданғандардың жалпы саны – 35, ұрып-соғу бабы бойынша – 10, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру бабы бойынша – 9. Отбасы тұрмыстық қатынастар аясында әйелдерге қатысты жасалған қылмыстар туралы мәліметтің жалпы саны – 152, оның ішінде ҚР ҚК-нің 99-бабы адам өлтіру бойынша қылмыс тіркелген жок.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдату жөнінде тапсырма берді. ҚР ІІМ-нің нұсқауына сәйкес «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді әрекет» акциясы өткізілді. Аталған акцияның мақсаты, гендерлік зорлық-зомбылықты болдырмау, алдын алу, жолын кесу.

(Жалғасы 5-бетте)

4-БЕТ



Жемқорлық өркениет өзегіне балта шабады

6-БЕТ



Әдеп нормалары адалдыққа үндейді

8-БЕТ



Банкирдің өлімі

«СОТ ЖҮЙЕСІ МЕН СУДЬЯЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢА - 25 ЖЫЛ

ДОЦЕНТТЕР ҮСТЕЛ

**БАНКРОТТЫҚ – БОРЫШКЕРЛЕРДІ ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАРАТЫН ТЕТІК**

Қарағанды облыстық сотында «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 25 жылдығына арналған шара өтті. Оған облыстық соттың сот алқаларының төрағалары, сот жүйесінің ардагерлері, сондай-ақ облыстық, аудандық соттардың және жаңадан тағайындалған судьялар қатысты.

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢ СОТ БИЛІГІН ДАМУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІНЕ АЙНАЛДЫ**



Іс-шараның мақсаты – судьялар корпусының әртүрлі буын өкілдері арасында кәсіби тәжірибе алмасу, сабақтастықты нығайту және сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру.

Кездесуді аша отырып, Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріпов Конституциялық заңның елдегі сот билігін қалыптастыру мен дамытудың берік негізі ретіндегі маңыздылығын атап өтті. Ол соңғы 25 жыл ішінде сот жүйесінде орын алған негізгі өзгерістерге, оның ішінде цифрлық технологияларды енгізу және азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттыру мәселелеріне тоқталды.

Шара барысында отставкадағы судьялар Н.Батаева, Б.Қасенова, Г.Махашева, С.Миночкина, Ә.Салин, А.Тұрысбаев әділ сот өндірісінің маңызы жөніндегі кәсіби тәжірибелері мен көзқарастарын ортаға салып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда судьяның рөліне, сондай-ақ заңдылық, тәуелсіздік және бейтараптық

қағидаттарын сақтаудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Еркін пікір алмасу барысында жас судьялар өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, тәлімгерлік, кәсіби этика және судьялардың тәуелсіздігі тақырыптары бойынша тағылымды кеңес алды.

Теміртау қалалық сотының судьясы Н.Сәбитова жас судьялардың атынан мазмұнды диалог үшін барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, сот жүйесін дамытуға қосқан үлестері үшін сот жүйесінің ардагерлері мен қызмет атқарып жүрген судьяларға шынайы ризашылығын жеткізді.

Шараны қорытындылай келе, Е.Әріпов барлық қатысушыларға жоғары кәсібилігі мен заңға адалдығы үшін алғысын білдіріп, сот төрелігіне қызмет етудегі алдағы жұмыстарына табыс тіледі. Сондай-ақ сот билігінің тәуелсіздігі мен әділдігі қағидаттарын нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

**Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі**

Ақмола облыстық сотында азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңнаманы қолданудың сот тәжірибесі талқыланды. Талқылауға облыс судьялары, банк құрылымдарының және мемлекеттік кірістер органдарының басшылары қатысты. Шараның мақсаты – заңнаманы қолдану бойынша келісілген ұстанымдарды қалыптастыру.



Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы институты 2023 жылдың наурыз айынан бастап қолданыста. Қаралған істерді талдау жыл сайын шағым санының жоғарылағанын көрсетті. Айталық 2025 жылы соттарға түскен борышкерлер өтінішінің саны 279 болса, қазір алдыңғы бір жарым жылдағы көрсеткіштен төрт есе асып түскен. Бұл өсім азаматтардың құқықтық белсенділігімен байланысты болып отыр.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы рәсімдерін қолдану – азаматтар үшін құқықтық алаңда

төлем қабілетсіздік жағдайынан шығудың, кредиторлардың талаптарын пропорционалды және кезең-кезеңімен қанағаттандырудың, сондай-ақ мемлекеттегі жанжал, әлеуметтік шиеленісті төмендетудің мүмкіндігі болып табылады. Заңдылықты және мүдделер теңгерімін қамтамасыз ету – ортақ міндет. Алайда, өкінішке орай, кредиторлардың, қаржы басқарушысының, уәкілетті органның және ортақ жауапты борышкерлердің құқықтық енжарлығы байқалады дейді дөңгелек үстелге қатысушылар.

Талқылау барысында облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Алтын Шоинбекова мен облыстық соттың судьясы Светлана Рахметова азаматтардың төлем қабілеттілігін

қалпына келтіру және сот банкроттығы рәсімдерін қолдану жөніндегі азаматтық істерді талдау нәтижелері бойынша баяндама жасады.

Қатысушылар дөңгелек үстел барысында пікір алмасты, жүйелік дереккорлармен жұмыс істеу, жазбаша сұраулар жолдау, сондай-ақ қаржы басқарушыларының өкілеттіктеріне қатысты туындайтын қиындықтарды талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша, түскен ұсыныстарды ескере отырып, облыстық сот заңнаманы қолдану жөніндегі ұсынымдарды әзірлеп, оларды жұмыс барысында қолдану үшін барлық қатысушыларға жолдайтын болады.

**Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі**

САРАП

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР: НЕЛІКТЕН ӘҚБТК-НІҢ 10-ТАРАУЫ ӨЗЕКТІ?**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құқық бұзушылықты қайталап жасағаны үшін жауапкершіліктің артуы заң шығарушының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жүйелі көріністерінің жолын кесуге және осындай фактілерге дереу ден қоюға ұмтылысты айғақтайды.

**Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау**

10-тарауда жала жабуға ерекше назар аударылады. 73-3-бап азаматтардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және беделіне нұқсан келтіретін көрінеу жалған мәліметтерді таратқаны үшін жауапкершілікті белгілейді. Ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы



*Цифрландыру жағдайында дербес деректерді заңсыз жинау мен өңдеудің жолын кесуге бағытталған 79-бап ерекше өзектілікке ие болып отыр. Онлайн-платформалар мен электрондық сервистер санының өсуі құпия ақпаратты қорғауды мемлекеттің негізгі міндеттерінің біріне айналдырады. Жеке деректермен жұмыс істеу ережелерін бұзу ақпараттың тарап кетуіне, алаяқтыққа және жеке өмірге қол сұғуға әкелуі мүмкін, сондықтан бұл бапта қарастырылған айыппұлдар маңызды профилактикалық сипатқа ие.*

жалған ақпараттың таралуына, сол арқылы адамның жеке және кәсіби беделіне орны толмас зиян келтіруге жол ашуы мүмкін.

Әсіресе ауыр қылмыс жасады деген жалған айыптауларға байланысты жала жабу қатаң жазаланады. Айыппұлдар мен әкімшілік қамауға алу әділеттілікті қамтамасыз ету және әр азаматты не-

гізсіз, жойқын айыптаулардан қорғау үшін қолданылады.

**Тіл құқығы, қозғалыс және тұрғылықты жерін таңдау еркіндігі**

Кодекстің 75-бабы азаматтардың ана тілін пайдалану және қарым-қа-

тынас тілін еркін таңдау құқығын қорғауға бағытталған. Лауазымды тұлғаның өтініш беруші менгерген тілде құжаттарды қабылдаудан бас тарту немесе тілдік тосқауыл себебінен өтінішті қараудан бас тартуына жол берілмейді және Конституциямен кепілдендірілген құқықтарды бұзады. Кодексте қарастырылған айыппұлдар қоғамның тілдік әртүрлілігіне құрметпен қарау қажеттілігін еске салады.

76-бап азаматтық бостандықтарды іске асыру үшін маңызды құқық бөлігін, жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау еркіндігін заңсыз шектеу үшін жауапкершілікті бекітеді. Ерекшеліктерге ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты заңмен қатаң белгіленген жағдайларда ғана жол беріледі. Бұл нормаларды бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады және мемлекеттің әрбір азаматтың

бостандығын қорғауға деген ұмтылысын көрсетеді.

**Азаматтардың дербес деректері мен медициналық құқықтарын қорғау**

Цифрландыру жағдайында дербес деректерді заңсыз жинау мен өңдеудің жолын кесуге бағытталған 79-бап ерекше өзектілікке ие болып отыр. Онлайн-платформалар мен электрондық сервистер санының өсуі құпия ақпаратты қорғауды мемлекеттің негізгі міндеттерінің біріне айналдырады. Жеке деректермен жұмыс істеу ережелерін бұзу ақпараттың тарап кетуіне, алаяқтыққа және жеке өмірге қол сұғуға әкелуі мүмкін, сондықтан бұл бапта қарастырылған айыппұлдар маңызды профилактикалық сипатқа ие.

Денсаулық сақтау саласында азаматтардың құқықтарын қорғау да маңызды. Кодекстің 80-бабы медициналық көмек стандарттарын өрескел бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді. Мұндай бұзушылықтар қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын құрмаса да, олар науқастың денсаулығына айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Лицензиядан айыру мүмкіндігін қоса алғанда, қайталанған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің артуы медициналық қызметтің ерекше маңыздылығын және медициналық ұйымдар мен мамандарға қойылатын талаптардың жоғары деңгейін көрсетеді.

80-1-бап медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби қызметін қорғауға бағытталған. Олардың жұмысына заңсыз араласу, кедергілер жасау немесе заңда көзделмеген функцияларды тану медициналық көмектің сапасы мен азаматтардың қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Осы бап бойынша әкімшілік жауапкершілік медицина қызметкерлерінің мәртебесін нығайтады және денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімді сақтауға ықпал етеді.

**Ашықтық және ақпаратқа қол жеткізу**

Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз етуге арналған 78-бап мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуда маңызды рөл

атқарады. Маңызды ақпарат беруден заңсыз бас тарту немесе азаматтарды қасақана адастыру ашықтық пен әділеттіліктің негіздерін бұзады. Қайта бұзғаны үшін күшейтілген жазаны қоса алғанда, белгіленген жауапкершілік шаралары мемлекеттік басқарудағы ашықтық қағидатының маңыздылығын куәландырады.

**Қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын қорғау**

Қоғамдық бірлестіктер мен қайырымдылық ұйымдарының қызметіне кедергі келтіргені үшін жауапкершілікті көздейтін 77-бап азаматтық қоғам институттарын нығайтуға бағытталған. Бұл құрылымдар елдің әлеуметтік дамуында, азаматтардың құқықтарын қорғауда және қайырымдылық бастамаларын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Олардың кедергісіз қызметі демократиялық даму мен қоғамдық диалогтың қажетті шарты болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 10-тарауы мемлекеттің әрбір азаматтың қадір-қасиеті, бостандығы мен қауіпсіздігі сөзсіз құндылықтар болып табылатын жағдайлар жасауға деген ұмтылысын қорғастетін жеке адамның құқықтарын қорғаудың кешенді тетігі болып табылады.

Осы тараудың нормалары әкімшілік заңнаманың алдын алу, қорғау және тәрбиелеу функцияларының үйлесімін қамтамасыз ете отырып, қазақстандықтардың конституциялық құқықтарымен және елдің халықаралық міндеттемелерімен тығыз байланысты.

Қазіргі заманғы сын-қатерлер, киберқауіптер, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану, деректердің құпиялылығын бұзу, ақпараттық тәуекелдердің өсуі – құқықтық жүйенің тұрақты дамуын талап етеді. 10-тараудың ережелерін дәйекті жетілдіру заң шығарушының қоғамдағы өзгерістерге жауап беретіндігін және тез өзгеретін шындық жағдайында адам құқықтарын қорғаудың жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтылатындығын көрсетеді.

**Самал АБУГАЛИЕВА, Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы**

БҮГІНГІШІ БАС ТАҒЫРЫҒЫ

БАҒДАР

# ДЕПУТАТТАР АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАП ЖҮР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, Парламент Сенатының депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадірбек және Алишер Сатвалдиев жұмыс сапарымен Түркістан облысының Мақтаарал және Жетісай аудандарына барып, бірқатар әлеуметтік маңызы бар және инфрақұрылымдық нысанның қызметімен танысты. Кездесуде Мемлекет басшысының жуырда «Turkistan» газетіне берген сұхбаты талқыланды. Сенаторлар ірі инвестициялық жобаларға да, халықтың күнделікті қажеттіліктеріне тікелей қатысты базалық инфрақұрылым және әлеуметтік сала мәселелеріне де назар аударды. Бұл тұрғыда Әли Бектаев «Өңірлердегі ірі инвестициялық жобалар тұрақты жұмыс орындарын құрудың және жергілікті жерде адамдар шынымен сезінетін экономикалық базаны қалыптастырудың құралы ретінде маңызды», – деп орынды атап өтті.

кездесіп, Сенаттың өткен жылғы жұмысы туралы хабарлар етті және қабылданған заңдар, сондай-ақ Парламенттік қызметтің негізгі бағыттары туралы айтты. Президенттің аталмыш сұхбатында айтылған ауыл шаруашылығы саласын қаржыландырудың тиімділігін арттыру, мал шаруашылығы саласындағы жұмысты күшейту, сондай-ақ кооперацияны одан әрі дамыту қажеттігі жайлы пікірлер ортаға салынды. Өз кезегінде аймақтағы аграрлық сектор өкілдері «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру, жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу мәселелері бойынша өз бастамаларын жария етті. Ауылдық округ әкімдері болса бюджеттік жоспарлау және инфрақұрылымды дамыту туралы ұсыныстарын ортаға салды.

Олардың әріптестері Арман Өтеғұлов пен Ләззат Рысбекова Батыс Қазақстан облысының Қазталов ауданына барды.



Сондай-ақ, сенаторлар Мақтаарал ауданының елді мекендеріндегі сумен жабдықтау жүйелерінің жай-күйімен де танысты. Тұрғындардың орталықтан-дырылған ауыз сумен жүз пайыз қамтамасыз етілуіне қарамастан, бірқатар ауылдарда тозған желілерді жаңарту қажеттілігі сақталып отырғаны белгілі болды. Ақжол ауылында сенаторлар су құбыры инфрақұрылымын қайта құру барысын тексеріп, сумен жабдықтау жүйелерін одан әрі жаңғыртудың мүмкіндіктерін талқылады.

Жетісай ауданында парламентшілер «Асық ата» аудандық ауруханасына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысын көрді. Жоба халыққа медициналық көмек көрсету үшін заманауи жағдай жасауға бағытталған. Кездесу барысында жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасына және нысанды пайдалануға беру мерзімдерінің сақталуына ерекше назар аударды.

Ал, Атырау облысындағы Қызылқоға ауданына барған сенаторлар Әлібек Наутиев пен Сағындық Лұқпанов аудандық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, ауылдық округ әкімдері, шаруа қожалықтарының өкілдері және жергілікті тұрғындармен

салынды. Осы жобаларды іске асыру жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл шаруашылығын қолдауға және өңірдегі шағын және орта бизнесті дамытуға қосымша серпін беретіні сенаторлар назарына салынды.

Сол секілді Шығыс Қазақстан облысына барған сенатор Шәкәрім Бұқтұғтовтың Риддер қаласының тұрғындарымен кездесуінде шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері, оларды шешудің ба-сымы бағыттары талқыланды. Көпсалалық қалалық ауруханада болып, медициналық көмек көрсету шарттарымен, мекеменің материалдық-техникалық базасының жай-күйімен танысып, медицина қызметкерлерімен әңгімелесті. Медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы мәселелеріне назар аударды.

«Денсаулық сақтау жүйесін дамыту және сапалы медициналық көмек көрсету әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Өңір тұрғындарының қажетті медициналық қызметтерге теңдей қол жеткізуі маңызды», – деді сенатор.

Қала тұрғындарымен әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар ашық диалог түрінде талқыланды. Сенатор жұмыс сапарының соңында жеке өтініштер бойынша азаматтарды қабылдады.

Қазіргі таңда бұл сапар жалғасуда. Халықпен жүздесу барысында айтылған пікірлер, жасалған ұсыныстар жоғарғы заң шығарушылар қызметінің мазмұнын тереңдетіп, жұмысын ширата түсері анық.

А. ТҮРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

Қазақстан 2023 жылы «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын қабылдаған еді. Өйткені сарапшылар болжамы бойынша, алдағы онжылдықта әлемдегі өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің 70 пайызы цифрлық платформалық модельдерге негізделмек. Сондықтан БҰҰ-ның цифрланған елдер рейтингінде үздік отыздыққа кіретін Қазақстан бұл үрдістен шет қалмау үшін 2027 жылдың соңына дейін халықты жылдамдығы 100 Мбит/с кең жолақты интернетпен 100 пайызға қамтуды алдына мақсат етіп қойды. Сөйтіп 2022 жылы республикадағы 6290 ауылдық елді мекеннің интернет желісіне қолжетімділігі 76 пайызды (4858) ғана құрады.



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ҚАШАН ЖАҚСАРАДЫ?

Атап айтқанда 3G технологиясымен – 2813, 4G технологиясымен – 2816 ауылдық елді мекен қамтамасыз етілсе, талшықты-оптикалық байланыс желілері 2601 ауылдық елді мекенде ғана жүргізілген болатын.

Премьер-Министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев былтыр қарашадағы Үкімет отырысында: «Бүгінде 20 млн-нан астам мобильді абонент және 3,7 млн тіркелген пайдаланушы байланыс қызметтерін қолдануда. Интернеттің орташа жылдамдығы 94 Мбит/с деңгейіне жетті. Оптикалық байланыс желілері ауылдық елді мекендердің 90 пайызына дейін тартылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 6 179 ауылдық елді мекен бар. Олардың 2606-сы магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілеріне қосылған. 663 ауылда жергілікті желі бар», – деген. Оның айтуынша, 2026 жылы тағы 3 мыңнан астам ауылды магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосу жоспарланған. Соның нәтижесінде 2027 жылдың соңына қарай еліміздегі 4 786 ауылда оптикалық желі тікелей үйлерге дейін жеткізіліп, ауылдардың 90 пайыздан астамы сымды технологиялар арқылы жоғары жылдамдықты интернетке қосылады.

Ал ел халқының 1 пайыздан азы ғана тұратын ауылдардың қалған 10 пайызы интернетпен спутниктік технологиялар арқылы қамтамасыз етіледі. 2025 жылы ауылдардың мобильді интернетпен қамтамасыз етілуі 84 пайызды құрады. 2027 жылдың соңына дейін 4G желісі барлық елді мекендердің 92 пайызына, 5G желісі облыстық және республикалық маңызы бар 20 қалаға енгізіліп, қалалардың 60-75% аумағын қамтитын болады. Бұдан бөлек, 40 мың шақырым автожол бойы 4G мобильді интернетпен қамтамасыз етіледі.

Жаслан Хасенұлының сөзіне қарағанда, ел нарығында 3 спутниктік интернет операторы жұмыс істейді. 2027 жылға дейін нарыққа тағы 2 компания қосылады деп жоспарлануда. Еуропа мен Азия арасындағы интернет-трафик транзитінде Қазақстанның үлесі 2025 жылғы 1,5 пайыздан, 2027 жылға қарай 5 пайызға дейін ұлғаймақ. Оған халықаралық түйісу нүктелерінің өткізу қабілетін 54 пайызға арттыруға бағытталған Каспий теңізінің түбі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін салу және жалпы ұзындығы 4 мың шақырымнан асатын «Батыс – Шығыс» гипермагистралін жүзеге асыру жобалары ықпал ететін болады.

Интернет жылдамдығы бойынша елдер рейтингінде былтырғы қараша айында Қазақстан 154 елдің арасында 83,50 Мбит/с көрсеткішпен 91-орын алды. Яғни, Қазақстан интернет жылдамдығы жағынан әлемде әлі де артта келе жатыр. Өйткені өз көрсеткішін Қазақстан соңғы 1 жылда 13,3 пайызға, ал 5 жылдықта 59,3 пайызға ғана жақсартты. Бұл көрсеткіш Қырғызстанда 15,3 және 98 пайызды, Өзбекстанда 11,2 және 170,8 пайызды, Әзербайжанда 314,3 және 288,6 пайызды құрап отыр. Сол себепті әлемдік нарықтағы цифрлық платформалық модельдерге негізделетін өнім мен қызметтер нарығынан өз орнын алу үшін Қазақстан интернеттің қолжетімділігіне ғана сенбей, оның жылдамдығын арттыруды да жеделдетуі тиіс.

Мемлекет басшысы жаңа жылдық құттықтауында: «Мен биылғы жолдауымда цифрлық мемлекет болуымыз керектігін жарияладым. Сондықтан келесі жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп атау туралы шешім қабылдадым. Озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпақ» деуі жайдан-жай айтылған жоқ. Сондықтан бұл ойын 5 қаңтарда «Turkistan» газетіне берген сұхбатында жалғастырып: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркеніетті ел болып қалуының бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екендігіне сенімдімін» дегенді айтты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ТОП БАҒАРҒАН

## ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Ұлытау облысында денсаулық сақтау саласының бірқатар үздік маманы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы төсбелгілері мен медальдарымен марапатталды. Салтанатты шарада абзал жандарға марапаттарды Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Алмаз Ыдырысов табыс етті.

Өз құттықтау сөзінде әкім орынбасары медицина қызметкерлерінің қоғам үшін атқарып жатқан еңбегіне жоғары баға берді:

«Сіздердің халық денсаулығы жолындағы адал қызметтеріңіз – зор құр-

метке лайық. Күн демей, түн демей атқаратын еңбектеріңіз өңіріміздің өркендеуіне тікелей үлес қосып келеді», – деді Алмаз Серікбұлұлы.

Шара барысында дәрігерлер мен медицина ұйымдарының қызметкер-

леріне ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» медальдары, сондай-ақ «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы РҚБ-ның «Үздік қызметкер» төсбелгілері табыс етілді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН  
ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

ЖЕМҚОРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ  
ӨЗЕГІНЕ БАЛТА ШАБАДЫ



Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Сыбайлас жемқорлық – мемлекет қауіпсіздігін, қоғамның өркендеуі мен тұрақтылығын бұзатын фактор.

Сот, құқық қорғау органдарының басын қосқан кезекті бір жиында ел Президенті: «Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертен кеш болуы мүмкін», – деген еді.

Әрине, қаншама шенеунік істі болып, қызметінен кетіп жатқанына қарамастан, жемқорлық қылмыстары түбегейлі жойылмай келеді. Әр салада жегіқұрттың алдын алуға қатысты кешенді шаралар қолға алынғанымен, нәтиже әлі де төмен. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар тоқтамауы, үздіксіз жалғасуы керек.

«Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел дірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына куә болуы керек. Өзірге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шеңбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал жүйелі проблемалар шешілмеген күйі тұр», – деген Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі сөзіміздің негізділігін растайды.

Қылмыстық кодексте парамен байланысты қылмыстардың үш түрі қарастырылған: пара алу (366-бап), пара беру (367-бап), паракорлыққа делдал болу (368-бап). Пара алу – ең қауіпті қызметтік қылмыстың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе болсауға байланысты болса, ол шенеуніктің заңды немесе заңсыз әрекеттері үшін артықшылықтарды алудан тұрады.

Ақша, валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, қымбат металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомобильдер, басқа да тауарлар, пәтерлер, коттеждер, саяжайлар, гараждар, жер және басқа да жылжитын және жылжымайтын мүлік пара деп түсініледі. Пара алудың жабық нысаны – жоқ қарызды төлеу, төмен бағамен сатып алынған тауарды төлеу, тауарды инфляцияланған бағамен сатып алу, пара берушіге, оның туыстарына, достарына

на төленетін жалақымен жалған еңбек келісімшарттарын жасау, жеңілдетілген несиесі алу және төлемдерді көтеру түрінде банктік қарыз, дәрiстер, мақалалар мен кітаптар, казинодағы «кездейсоқ» ұтыстар, жалдау ақысының төмендеуі, несиелер бойынша пайыздық ставкалардың жоғарылауы және т.б. түрінде кездеседі.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды тұлға және оған теңестірілген тұлға пара алушы деп танылуы мүмкін. Жауапты мемлекеттік лауазымға ие тұлғалар – мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Конституциясында, конституциялық

*Тайғамбарымыз (с.а.с.) қа пара алудың жамандығы жөнінде үнемі ескерту жасап, одан сақтандырған. Абдулла ибн Амрдан риуаят етілген хадисте Алла Елшісі (с.а.с.): «Пара беруші мен алушыға Алланың лағынеті болсын!» – деген. Басқа бір хадисте «Үкім шығаруда пара беруші мен алушыға Алланың лағынеті болсын», – делінген. Басқа бір риуаятта пара алушы мен берушінің арасын жалғаушыға да лағынет айтылған. Демек, пара талап ету, пара берің немесе олардың арасына араша болу – арам іс.*

және өзге де заңдарда белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар. Сондықтан паракорлықпен күрес жалпыға ортақ міндет болуы керек.

Асыл дінімізде жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю әрбір игілікті қалаушы адамның қасиетті міндеті болып табылады. Параның анықтамасы туралы ғұламалар: «Пара дегеніміз – адамның қазыға немесе басқаларға өз пайдасына үкім шығару үшін немесе қалағанын жеткізу үшін беретін нәрсесі» дейді. Тағы бір анықтамада: «Пара – шындықты жоққа шығару немесе өтірікті ақтау үшін берілетін нәрсе», – деп түсініктеме жасаған.

Тайғамбарымыз (с.а.с.) да пара алудың жамандығы жөнінде үнемі ескерту жасап, одан сақтандырған. Абдулла ибн Амрдан риуаят етілген хадисте Алла Елшісі (с.а.с.): «Пара беруші мен алушыға Алланың лағынеті болсын!» – деген. Басқа бір хадисте «Үкім шығаруда пара беруші мен алушыға Алланың лағынеті болсын», – делінген. Басқа бір риуаятта пара алушы мен берушінің арасын жалғаушыға да лағынет айтылады. Демек, пара талап ету, пара беру немесе олардың арасына араша

болу – арам іс. Сыбайластық арқылы өз орнына лайықты болмаған адамдар жұмысқа орналасады, олар істеген жұмыстар нәтиже бермейді (мысалы тұрғызып үйлері, көпірлері көп ұзамай қирап, сапасыз болады), елдің өркендеуіне кері әсерін сөзсіз тигізеді. Сыбайлас жемқорлық пен дініміз тыйған жат қылықтармен күресуде қоғамдағы әрбір адам белсенділік танытуы керек.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына деген сенімін нығайту бүгінгі күнгі

басты мақсат болып отыр. Сыбайлас жемқорлықтың залалы орасан. Елдің дамуына кедергі келтіріп, халықтың болашаққа деген сенімін төмендететін бұл індетпен күрес қай кезде де өзекті. Қазақстан да жемқорлық пен паракорлыққа қарсы жұмыста әлемдік стандарттарды, механизмдер мен институттарды басшылыққа ала отырып кешенді шараларды қолға алып келеді. Мемлекет басшысының жолдауларында, ел Үкіметі қабылдаған бағдарламаларда сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі ескерусіз қалған емес. Бұдан бөлек, мемлекеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың негізгі қағидағдары, мақсаты мен міндеттері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда көрсетілген.

Жемқорлықтың тамырын тереңге тартып, қалыпты құбылысқа айналуы – қоғамның ел ертеңіне бейжай қарауының нақты көрінісі. Себебі, өз Отанының болашағына жаны ауыратын азаматтар жең ұшынан жалғасуға ешқашан жол бермейді. Қоғамда әділдік, тазалық, теңдік туралы сана қалыптастыра алғанда ғана жегіқұрттың жолы кесіледі. Сыбайлас жемқорлықты жеңген, өмірінен паракорлықты сылып тастаған озық елдер тәжірибесі бізге жақсы үлгі, өнеге болуы керек. Дания, Финляндия, Сингапур, Малайзия, Швейцария, Нидерланд секілді өркениетті елдерде сыбайлас жемқорлықсыз қоғам әлдеқашан орнаған. Бұл мемлекеттерді парасыз ортаға айналдырған заңның пәрмені, азаматтық қоғамның белсенділігі, мемлекеттік қызметтің ашықтығы болса керек.

Расында, құқықтық түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізіліп, жаза мен жауаптылықты күшейту бағытында ауқымды өзгерістер қолға алынғанымен, елімізде сыбайлас жемқорлыққа байланысты істі болғандар қатары кемімей келеді. Бұл жеңіл ақшаға, оңай табысқа құмарлардың көптігін көрсетеді. Әсіресе, мемлекеттегі лауазымды қызметкерлердің, ел алдында жүрген басшылардың сыбайластыққа бейімділігі, қызмет өкілеттігін теріс пайдалануы, пара алуы тыйылмай отыр. Мұның өзі саланы жемқорлықтан биік ұстау үшін тек заң талабын күшейтіп, жазаны қатайтудың оң нәтиже бермейтінін көрсетеді.

Мемлекет сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жоюы үшін, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын кең көлемде жүргізу керек. Пара алғандарды ғана емес, пара бергендерді де көпшілік алдында айыптап, әшкереуудің әсері айрықша. Осы арқылы халық тірнектеп жиналған абырдалану бір сәтте айырылуға болатынын түсінуі шарт.

Сыбайлас жемқорлық деректері жиі орын алатын ортада мониторинг жүргізіп, қызмет алуы оңтайландыру маңызды. Өйткені, мемлекеттік қызмет алу жеңіл, оңтайлы, ыңғайлы болса, ешкім делдал іздеп, мәселесін пара арқылы шешуге тырыспайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек бір адамның, бір құрылымның күшімен шешілетін мәселе емес. Азаматтарды жемқорлықсыз қоғам құруға біріктіре білген абзал. Бұл ретте сыбайлас жемқорлық туралы шынайы, нақты ақпарат бергендерді ынталандыру тетіктерінің енгізілуі – мемлекет тарапынан қолға алынған дұрыс бастама екенін айта кеткеніміз жөн. Қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидасын қалыптастыру шарт. Барлық мемлекеттік органдар осы бағытта жұмыс істеуі керек.

Қоғамдық бақылауды күшейту, парламенттік, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен мемлекеттік шешімдердің әділдігін, ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз ету күн тәртібінде тұруы тиіс. Мұның бәрі өз кезегінде сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

**Марат ШАРИПОВ,**  
Түркістан облысы  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының төрағасы

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

2025 жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды.

ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ТІРКЕУДЕН  
ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАҒА ДЕЙІН

Заңның қабылдануы зияткерлік меншікті қорғаудың ұлттық жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадам болды. Аталған құжат авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын қорғауды күшейтуге, тауар белгілері мен патенттеу саласындағы негізгі нормаларды нақтылауға, сондай-ақ құқықтарды ұжымдық басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа реттеу тетіктерін енгізуге арналған.

Заңда тауар белгілерін үш айға дейінгі мерзімде жедел тіркеуді енгізу, сондай-ақ қарсылықтар беру мерзімін ұзарту көзделген. Бұл бизнеске өз қызметін неғұрлым сенімді әрі болжамды түрде жоспарлауға мүмкіндік береді. Патенттік сенім білдірілген өкілдер институтын дамытуда олардың мамандануына негіз қаланды. Бұл өтінімдерді сүйемелдеудің сапасы мен зияткерлік меншік нарығындағы кәсіби сараптаманың деңгейін арттырады.

Заңда құқықтарды ұжымдық басқаруды цифрландыруға ерекше назар аударылған. Бірыңғай цифрлық платформаны (БЦП) құру шарттар жасасудан бастап авторларға сыйақыларды бөлуге дейінгі барлық

үдерістердің ашықтығын қамтамасыз етіп, нарықтың барлық қатысушылары үшін қолжетімділікті арттырмақ. Сонымен қатар құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың қызметіне бақылау шаралары күшейтіліп, ұжымдық басқару салалары кеңейтіледі. Оның ішінде шығармаларды интернет желісінде пайдалану да қамтылып, авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына мемлекеттік бақылау енгізіледі.

Жалпы алғанда, жаңа заң зияткерлік меншікті қорғаудың заманауи, түсінікті және әділ жүйесін қалыптастырып, құқық иеленушілер, пайдаланушылар мен мемлекет арасындағы сенімділікті нығайта отырып, Қазақстанда шығармашылықтың, инновациялардың және кәсіпкерлік белсенділіктің дамуына қолайлы жағдайлар жасайды.

Заң 2026 жылғы 25 қаңтарда күшіне енеді. Бірыңғай цифрлық платформаны енгізу үш кезеңде жүзеге асырылып, 2027 жылғы қаңтарда аяқталады.

**Әділет министрлігінің  
баспасөз қызметі**

ОҢ ҚАДАМ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ 5 ПАЙЫЗҒА ӨСЕДІ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін зейнетақы төлемдері зейнетақы төлемдерін бұрыннан алып жүрген зейнеткерлер үшін 5 пайызға ұлғаяды.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады. БЖЗҚ-дан жүзеге асырылатын ай сайынғы зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТК) кемінде 70 пайызына тең. 2026 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге. Ал ай сайынғы зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері шектелмейді және ол алушының зейнетақы жинақтарының көлеміне тікелей байланысты.

Әдістемеді кейбір санаттағы азаматтар үшін зейнетақы төлемінің мөлшерін есептеу кезінде түзету коэффициенті

қолданылатыны дәйектелген. Яғни, I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамдар; міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде 60 ай төленген және зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар осындай жеңілдікке ие. Егер азамат жоғарыда көрсетілген екі талапқа бірдей сәйкес келсе, ең жоғары мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Осылайша, зейнетақы төлемдерінің мөлшері тұрақты түрде аударылатын зейнетақы жарналары мен жинақталған инвестициялық кіріс есебінен қалыптасатын зейнетақы жинақтарының көлеміне тікелей тәуелді. БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер жеке зейнетақы шотындағы қаражат толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады. Жеке зейнетақы жинақтары салымшының меншігі болып табылатындықтан, олар азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

**Т.ИБАШЕВА,**  
«Заң газеті»

RIIE

АДАМДЫ МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕТІН –  
АНА ТІЛІ

Тіл – мемлекеттің тірегі, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына байлайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып ор-

нағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни қазақ жастары. Демек біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін арттыру болмақ. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті қалыптастыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс шаралар қолға алынууда. Нәтиже де аз емес. Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Ана тілі анығын ақ сүтінмен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емес пе еді! Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды,

отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүйіп, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Өркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін.

**М.МҰСАҒАЛИ,**  
Батыс Қазақстан облысы  
мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
соты әкімшісінің бас маманы

ОРАҒЫҢЫҢ КЕЛІМІН ӨЩІМІЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеу, қыз-келіншектердің құқығын қорғау, зорлық-зомбылықтың құрбаны болмау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Зорлық-зомбылықтан сақтанудың тетіктерін көрсету бойынша мектептерде, колледждерде, мекемелерде семинар-тренинг өткізілді. Жастар мен жасөспірімдерге осы қылмыстың құрбаны болудан сақтанудың тәртібін түсіндірудің арқасында, осы қылмыстың саны жылдан жылға азайып келеді. Жастарымыз өзінің құқығын білетін болады.

– Қазіргі таңда зорлық-зомбылықтың құрбанына жәрдемдесуде куәгерлердің белсенділігі қалай?  
– Полиция тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеуді өтініш беру сипатынан анықтау сипатына ауыстырды. Бұл жәбірленушілердің өтінішінсіз әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға мүмкіндік береді. Яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша хаттама жасау үшін куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіш жазбалары жеткілікті болады. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Сонымен қатар, тараптарды қайта татуластыру мүмкіндігі алынып



Майра ҚУТТЫБАЕВА, Кентау ҚПБ ҚҚБ-ның Отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, полиция лейтенанты:

# «ОТБАСЫ ҚАУІПСІЗ БОЛСА, ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗ»

тасталыды. Қазір тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы материалдардың жартысы татуласуға байланысты сотта тоқтатылады. Бұндай жағдайлар көбіне агрессордың, сонымен қатар оның туыстарының сендіруі немесе қысымымен орын алады. 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап сотта бір рет қана татуласуға мүмкіндік беріледі. Бұл психологиялық қысымнан зардап шеккендерге қатысты қатал әрекеттерді тоқтатуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік те күшейтілді. Әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері анықталды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің шеңберінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтар жасағаны үшін 73-бап, 73-1-бап, 73-2-бап, 461-бап, 669-баптың 2-3-бөліктері бойынша әкімшілік қамауға алу мерзімдері айқындалған. Тағы бір атап өтеріміз, бұл баптардың бәрінен «дейін» деген шектеу алып тасталды, 10, 15, 20 тәулікке қамауға алу қалдырылды. Егер әйеліне зорлық-зомбылық жасау әрекеті қайталанған жағдайда кінәлі

күйеуіне қайта оралуға мәжбүр. Осындай әйелдермен учаскелік инспекторлар хабарласып, жағдайын бақылап тұра ма?

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңның 10-бабына сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне: тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламалар қабылдау, тіркеу кіреді. Және олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданылады, жәбірленушілердің өтініші бойынша олар көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі, профилактикалық әңгімелесу жүргізіледі, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді, қорғау нұсқамасы шығарылады және т.б. профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Сот шешімімен айыпты азамат 20 күнге дейін әкімшілік қамауға алынады, егер де ары қарай қайталанса берсе қылмыстық іс қозғалып, сот үкімімен 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Біз отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау бойынша дағдарыс орталықтарымен тығыз байланыстамыз. Ынтымақтастық аясында бірқатар бірлескен іс-шаралар өткізіледі, мысалы: ақпараттық науқандар, акциялар, жағдайы төмен отбасылар бойынша бірлескен рейдтер және т.б. жұмыстар жүргізіледі. Әрбір зорлық-зомбылық дерегі учаскелік сакшыдан әйелдерді қорғау жөніндегі инспекторға жеткізіледі. Содан кейін отбасының дағдарыстан шығару жұмыстары жалғасады. Әр отбасының тыныштығын сақтау ең алдымен сол отбасы мүшелеріне, бірінші кезекте ерлі-зайыптыларға байланысты. Отбасы қауіпсіз болса, қоғам қауіпсіз болады. Сондықтан әр шаңырақтың шайқалмауына септесу, түрлі жанжалдарды болдырмау үшін біз де бар күш-жігерімізді жұмсай береміз.

.. тұрмыстық, зорлық-зомбылық, фактілері туралы өтініштер мен хабарламалар түскен сәттен бастап қағалады және олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданылады, жәбірленушілердің өтініші бойынша олар көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі, профилактикалық әңгімелесу жүргізіледі, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді, қорғау нұсқамасы шығарылады және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.  
Сондай-ақ, сот шешімімен 5-15 тәулікке әкімшілік қамауға алынады, егер де бір жылда тағы қайталанса 10-20 тәулікке әкімшілік қамауға алынады. Ал қылмыстық іс қозғалған жағдайда, сот үкімімен 3 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

тұлға 25 тәулікке әкімшілік қамауға алынады. Қамау мерзімі де ұзартылды.

– Майра Сәрсенбайқызы, егер құпия болмаса сіздердің бөлімшелеріңізде қанша жәбірленуші тіркелген?  
– Әрине, бізде зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге қолдау көрсету барысында ұдайы жұмыстар жүргізілуде. Қала бойынша 304 жәбірленуші тіркелген, оның ішінде жалдамалы жұмысшылар – 115, жұмыс істемейтіндер және оқымайтындар – 18, жоғары және арнайы оқу мекемелерінде оқитындар – 12, жалпы білім беру мектептерінде оқитындар – 7, оның ішінде 18-ден 29 жасқа дейінгілер – 84, ал 30-дан 39 жасқа дейінгілер – 64, сондай-ақ 40-тан 49 жасқа дейінгілер – 3, елу жастан жоғары 1 азаматша бар.

– Кентау ҚПБ ҚҚБ-ның Отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобында қанша қызметкер жұмыс атқарады, сіздерде кадр тапшылығы қалай шешілген?  
– Біздің бөлімде кадр тапшылығы бар деп айта алмаймын. Әрбір қызметкер өзіне бекітілген жұмысты тиянақты атқарады. Отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобында штат бойынша 5 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы – 1, Отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобы инспекторының жалпы саны – 3, вакант 1 орын.

– Майра Сәрсенбайқызы, дағдарыс орталығында тұру мерзімі біткеннен кейін жәбірленушілердің бірқатары барар жері, басар тауы жоқ болғандықтан

– Кентау қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарына арналған қандай мекеме бар?  
– Кентау қаласында 1 мемлекеттік дағдарыс орталығы бар. Штат саны – 13, жату орындар саны – 17, сенім телефонына келіп түскен қоңыраулар саны – 1, дағдарыс орталықтарға жүгінген әйелдер саны – 80, 134 – ер адам. Дағдарыс орталығының баспанасына орналасқандардың жалпы саны – 4, көрсетілген консультациялар саны – 214, заңгерлермен – 29, психологтармен – 329, әлеуметтік қызметкерлермен 27 адамға қызмет көрсетілді. Олардың жағдайына қарай көмек көрсетілді. Бұл орталыққа келгендердің басым бөлігі психологиялық күйзеліске ұшыраған адамдар.  
– Майра Сәрсенбайқызы, қазіргі таңда әрбір мекемеде сенім байланыс қызметі бар. Осы сенім телефоны арқылы қанша адам хабарласты?  
– Кентау қалалық ПБ-нің бір сенім байланыс орталығы бар. Аталған сенім телефоны арқылы көрсетілген консультациялар саны – 6, сенім телефонына қоңырау шалғаннан кейін ПО арызданғандар саны – 6, қабылданған шешімдер – 1, әкімшілік жауапкерлікке тартылғандар саны – 1. Әйелдер арасындағы суицид фактілері бойынша барлығы – 1, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылғандардың жалпы саны – 1, өліммен аяқталғаны – 1, оның ішінде жұмыссыздар жалпы саны – 1, оның ішінде 30 жасқа дейінгілердің жалпы саны – 1.  
– Әңгімеңізге рақмет.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ХАЛЫҚ ПЕН ПАРЫҚ

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын негізсіз көтерген кәсіпкерлерге 55 млн теңгеден астам айыппұл салынды. Қаңтардан бері күшейтілген тексеріс барысында жүздеген дүкенде заңбұзушылық анықталып, билік бағаны қатаң бақылауға алды.

## АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ҚОЛДАН ҚЫМБАТТАТҚАҢДАРҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

1 қаңтардан бастап елдің барлық өңірінде сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменттері әкімдіктермен бірлесіп 600-ден астам сауда нысанын тексерді. Олардың қатарында ірі сауда желілері мен шағын дүкендер бар. Мониторингке жергілікті атқарушы органдар, салалық басқармалар және бизнес өкілдері тартылған. Бақылау аясында баға, тауардың қолжетімділігі және қоймадағы қор көлемі қаралды.

1 қаңтар күні Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиев елордадағы ірі сауда желілерін аралап, негізгі азық-түлік бағаларының белгіленген шекті үстемеден аспауын тексерді. Ұлытау облысында облыс әкімі Дастан Рысбековтың жетекшілігімен «Самади» гипермаркетінде мониторинг жүргізілді. Тексеру барысында ұн, нан, сүт, қант, күріш, күнбағыс майы секілді бірінші кезектегі тауарлардың бағасына назар аударылды. Қызылорда облысында бақылау 31 желтоқсан мен 1 қаңтар күндері облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зешевтің басшылығымен өтті. Облыс орталығындағы «Сыбаға», «Small» және «Қызылорда» сауда желілерінде тексеру жүргізілді.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов Орал қаласындағы сауда орындарын аралады. Ал 6 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Петропавл қаласындағы дүкендердегі бағаны тексерді. Облыс әкімінің айтуынша, өңірде бағаны тұрақтандыру үшін тұрақтандыру қоры пайдаланылып жатыр. 2025 жылы оның қаржыландыру көлемі 2,9 миллиард теңге болып, шамамен 13 мың тонна өнім сатып алынған. Бұл халықтың үш айлық қажеттілігінің жартысын қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда қорда 12 мың тоннаға жуық тауар бар. Сонымен қатар сауда комитеті 2025 жылдың қорытындысын жариялады. Ведомство мәліметінше, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесін асырғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 204-4-бабы бойынша 2 796 әкімшілік қаулы шығарылған. Соның ішінде 1 625 жағдайда жалпы сомасы 55,7 миллион теңгеден асатын айыппұл салынған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

АЙМАҚ АРҚАРАТ

## САУДА НЫСАНДАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖАСАЛДЫ

Ақтау қаласында жаңа жыл мерекесі кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізілді. Бақылау барысында «Дина», «Аман», «Анвар» сауда нысандары қамтылған. Мониторингтің басты мақсаты – мереке қарсаңында бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, сондай-ақ мерекеден кейінгі кезеңде нарықтағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Іс-шараға Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілек Жеткізгенұлы, Маңғыстау облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Пікір Сансызбаев, сондай-ақ Маңғыстау облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Рауан Мұхаев пен сала өкілдері қатысты.

Ж.ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## ӘЛЕУМЕТТІК ЫНТАМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде Орал қалалық білім бөлімінің «Жаңа буын инженерлері» қауымдастығына кіретін білім беру ұйымдарымен әлеуметтік ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Іс-шараға университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры Нұркен Ғұбашев, институттар мен факультеттердің директорлары, профессор-оқытушылар құрамы, сондай-ақ «Жаңа буын инженерлері» қауымдастығының өкілдері – бірқатар мектептер мен қалалық Оқушылар сарайының басшылары, Орал қаласындағы №41 мектеп-лицейінің директоры Айтжан Дауомованың жетекшілігімен қатысты.

Меморандумның мақсаты – білім беру және әлеуметтік салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік белсенділігін арттыру, сондай-ақ инженерлік, шығармашылық және азаматтық бағыттағы бастамаларды дамытуға қолайлы орта қалыптастыру.

А.МӘУЛЕНБАЙ  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## МІНДЕТ – АЙҚЫН, МЕЖЕ – ЖОҒАРЫ

Жақында Абай облысы әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен арнайы кеңес өтті. Жиынға облыстық басқарма басшылары қатысты. Аудан, қала әкімдері бейнережимде қосылды.

Аймақ басшысы кеңес барысында Президент тапсырмаларының облыста жүзеге асуына жауапты басқармаларға, аудан әкімдеріне орталық пен өңір арасындағы байланысты күшейту, инфрақұрылымдық жобаларда облыстың үлесін арттыру, цифрлық технологияларды енгізу, қандастарды қоныстандыру, әскери қызмет, туризм, ауыл шаруашылығы, көлік, денсаулық сақтау салалары бойынша тиісті міндеттер жүктелді. Әр басқармаға, аудан әкімдеріне өз саласы бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ  
АБАЙ ОБЛЫСЫ

## «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Астанада 2026 жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасын іске асыру жалғасып жатыр. Аталған жоба аясында тұрғындар өз аулаларын абаттандыруға және жанартауға мүмкіндік алады. Қазіргі уақытта аудандық әкімдіктерде тұрғындардан өтінім қабылдау басталды.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы азаматтардың бастамаларын қолдауға, атап айтқанда аулаларды күрделі жөндеуден өткізуге, гүлзарларды, саябақтарды және өзге де қоғамдық кеңістіктерді құруға бағытталған. Бағдарлама 7 кезеңнен тұрады: сараптамалық кеңес құру, өтінім қабылдау, жобалық ұсыныстарды талдау, дауыс беру, қорытынды шығару, жұмыс жоспарын әзірлеу және жобаларды іске асыру.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ

ҚОҒАМ АРАС

СОТ ЭТИКАСЫ

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ТІЛДІК ҚАФИДАЛАРЫ

Ата Заңымызда бекітілген, еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызып, қамқорлық жасайды.

Сот саласындағы, оның ішінде қылмыстық істерге келсек, Қазақстанда қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар беру, сот актілеріне дау айту, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу; осы кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға істің олар үшін қажетті, басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысатын адамдарға сотта айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы өтеусіз қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде табыс етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған, куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін құқықтық кепіл.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорғаушының көмегіне жүгіну құқығын түсіндіруге тиіс. Яғни, қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тілі күдіктінің таңдауы бойынша жүргізіледі. Сәйкесінше, сол анықталған тілде іс жүргізу сотта жалғасады.

Қылмыстық процестің кодекстің 355-бабының талабына сәйкес, сот сотталушының жеке басын анықтау барысында, сот сотталушыдан іс жүргізілетін тілді білетінін анықтауы тиіс. Тәжірибеде кездесетін жағдайларда, сотталушылар іс жүргізу тілі болып анықталған орыс тілін меңгермегенін айтады. Мұндай жағдайда, сот мән-жайды анықтап, сот ісін жүргізу тілін қазақ тіліне ауыстырып, іс құжаттарын орыс тілінен қазақ тіліне толығымен аудару туралы мемлекеттік



Сандуғаш ИЗБАГАМБЕТОВА, Ақтөбе қаласы №2 сотының төрағасы

айыптаушыға, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жүктейді.

Істі соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешу сатысында сот ісін жүргізу тілін бұзушылықтар анықталған жағдайда сот ҚПК-нің 323-бабының талаптарына сәйкес бұзушылықтарды жою үшін істі прокурорға қайтарады. Сәйкесінше, сот ісін жүргізу тілі туралы заңнама талаптарын сақтамау процестің заңды елеулі түрде бұзу болып табылады және шығарылған сот актілерінің күшін жоюға әкеп соғады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, сотта барлық қаралған істердің 54,45% қазақ тілінде аяқталған, 2024 жылы 53,08%, 2023 жылы 49,93%, яғни қазақ тілін қолдану бойынша жылдан жылға аз болса да алға жылжу бар.

Кәсіби қызметтің қай түрі болса да өзіндік этикалық нормалары мен принциптері қалыптасқан. Кәсіби этика бұл белгілі бір кәсіптегі адамдардың нақты моральдық кодексі. Сот органының құрамына сайланған адамдардың да өзіндік атқаратын этикалық талаптары бар. Осыған сәйкес, судьяларға қойылатын талаптар 1996 жылғы 19 желтоқсанда судьялардың I съезінде қабылданған болатын. 2001 жылдың маусымында өткен судьялардың III съезінде бұл талаптарға біршама өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ АДАЛДЫҚҚА ҮНДЕЙДІ

Сот этикасы – судьялармен бірге, прокурорлардың, тергеушілердің, адвокаттардың барлығының қызметіне бірдей негізделген. Қызметтерін атқару жолында орын алатын ерекше жағдайларда олар моральдық тұрғыда ізгілік нормаларын сақтап, қылмыстық істерді тергеу мен оны шешуде шектен шықпай, этикалық тұрғыда ізгілік қағидалары мен талаптарын жүзеге асырып отыруы тиіс.

Қазақстандағы судьяның кәсіби мінез-құлқы ҚР Конституциясын, «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңын, Судьялық әдеп кодексін, сондай-ақ мемлекет ратификациялаған халықаралық стандарттарды, олардың ішінде судьялардың мінез-құлқының Бангалорлық қағидастарын қоса алғанда, бірқатар негізгі құжаттармен реттеледі.

ҚР Конституциясының 77-бабына сәйкес, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялар тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады. Бұл қағида сот төрелігін жүзеге асыруға ешқандай сыртқы әсер, қысым немесе араласудың басқа түріне жол берілмейтінін білдіреді.

«Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заң судьяның заңдарды қатаң сақтауға, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ адалдық, әділ-

дік және бейтараптық қағидастарына сәйкес әрекет етуге міндетті екенін белгілейді. Судья өзінің тәуелсіздігін қорғауға және оған күмән тудыруы мүмкін әрекеттерге немесе мінез-құлыққа жол бермеуге міндетті. Бұл мемлекеттік органдар сыртқы тәуелсіздікті де, ішкі тәуелсіздікті де қамтиды. Судья бейтараптықты сақтауы керек, процеске қатысушыларға жеке көзқарасын білдіруден бас тартуы керек, сондай-ақ кез келген бейімділікті жоққа шығаруы керек. Тіпті біржақтылықтың көрінуі сот актісіне деген сенімнің бұзылуына әкелуі мүмкін. Үздіксіз біліктілікті арттыру туралы норма ресми емес, этикалық сипатқа ие. Судья заңнама терең білуге, оның өзгерістерін бақылауға, әдістемелік сауатты және талдамалық ойлауға қабілетті болуға міндетті.


Судья билік тармағын білдіретінін әрқашан есте ұстауы керек, сондықтан басқа адамдардың ол туралы пікірі жалпы алғанда орган ретінде сот туралы пікірмен барабар. Судьяның теріс мінез-құлқы, эмоционалды ойланбай сөйлеуі, сот билігі туралы теріс пікір қалыптастыруы, сот төрелігінің беделін төмендетуі және судьяның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін.

Тұрсынхан САЛИКОВ, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің дамуы қылмыстық құқық ғылымы үшін түбегейлі жаңа мәселелерді алға шығаруда. Автономды алгоритмдер мен интеллектуалды жүйелер адам қатысуынсыз әрекет етіп, кейбір жағдайларда қоғамға қауіпті салдарларға әкелуі мүмкін.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ



Осыған байланысты жасанды интеллекттің қылмыстық-құқықтық жауаптылығы мәселесі теориялық тұрғыдан да, құқық қолдану тәжірибесі үшін де өзекті бола түсуде. Дәстүрлі қылмыстық құқық адам әрекетіне, саналы ерік пен кінәнің болуына негізделгенімен, жасанды интеллекттің автономды мінез-құлқы бұл классикалық түсініктерді қайта пайымдауды талап етеді.

Бұл мәселені жүйелі түрде талдаған зерттеушілердің бірі – Габриэль Халлеви. Ол жалпы қылмыстық құқық қағидаларын жасанды интеллектке қолдануға болатынын дәлелдей отырып, қылмыстық жауаптылықтың бірнеше үлгісін ұсынады. Атап айтқанда, жасанды интеллектті тікелей қылмыстық жауапты субъект ретінде тану, оны пайдаланушы тұлғаның жауаптылығы және жасанды интеллектті әзірлеуші немесе өндірушінің жауаптылығы мен модельдері көрсетіледі. Автордың пікірінше, автономды жүйелердің әрекеті тек қана адамның құралы ретінде бағаланбай, белгілі бір жағдайларда дербес қауіпті мінез-құлық сипаттарына ие болуы мүмкін. Бұл тұжырым қыл-

мыстық құқықтағы субъект, кінә және жауаптылық ұғымдарының мазмұнын кеңейту қажеттігін алға тартады.

Қазақстандық құқық ғылымында да технологиялық даму жағдайында қылмыстық құқықтың бейімделу мәселесі назардан тыс қалмаған. С. Зиманов құқықтың қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге икемді болуы тиіс екенін атап өтіп, жаңа құбылыстар құқықтық реттеудің жаңаруын талап ететінін көрсеткен. Бұл көзқарас жасанды интеллекттің қылмыстық-құқықтық табиғатын бағалауда әдіснамалық маңызға ие. Сонымен қатар М. Баймаханов қылмыстық құқықтың басты мақсаты қоғамдық қауіпті әрекеттердің алдын алу екенін атап көрсете отырып, егер жаңа технологиялар нақты қауіп көзіне айналса, мемлекет оларды құқықтық бақылаусыз қалдырмауы тиіс деп есептейді.

Осы ретте жасанды интеллектті дербес қылмыстық құқық субъектісі ретінде тану мәселесі даулы күйінде қалып отыр. Ф. Сапарғалиевтің пікірінше, қылмыстық жауаптылық нақты құқықтық мәртебесі бар субъектілерге

жүктелуі қажет, ал дербес құқықтық санасы мен еркі жоқ жүйелерге жауаптылық беру құқықтық тұрақтылық қағидатына қайшы келуі мүмкін. Бұл ұстаным ҚР қолданыстағы қылмыстық заңнамасына анағұрлым сәйкес келеді.

Сондықтан қазіргі жағдайда жасанды интеллекттің әрекеттерінен туындайтын зиян үшін пайдаланушы, бақылаушы немесе әзірлеуші тұлғалардың жауаптылығын нақтылау тиімдірек болып табылады.

Жалпы алғанда, жасанды интеллекттің қылмыстық-құқықтық жауаптылық мәселесі қылмыстық құқықтың теориялық негіздерін қайта қарауды талап етеді. Бұл ретте басты мақсат жасанды интеллектті толыққанды қылмыстық субъект ретінде тану емес, оның әрекеттерінен туындайтын қоғамдық қауіпті салдарлардың тиімді түрде алдын алу және реттеу болып табылады. Ғылыми тұрғыдан негізделген және теңгерімді құқықтық саясат қана жасанды интеллекттің қауіпсіз дамуын және қоғам мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ете алады.

Берік ҚОЛДАСОВ, з.ғ.м., аға оқытушы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті АҚТАУ ҚАЛАСЫ

АҚМОЛА

Өңірде үш ауысымды, апатты мектептер болмайды

Ақмола облысындағы барлық білім беру ұйымдары штаттық режимде жұмыс істеп, қауіпсіз әрі қолайлы оқу жағдайларымен қамтамасыз етілген. Облыстық білім бөлімінің мәліметінше, өңірде үш ауысымды және апатты мектептер жоқ.

Облыста 592 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оларда 37 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Жыл басынан бері облыс аудандарында, сондай-ақ Көкшетау, Қосшы және Степногорск қалаларында балабақшаларды ашу және кеңейту есебінен 898 жаңа орын құрылды. Атап айтқанда, 522 орынға арналған 10 мектепке дейінгі ұйым ашылып, 10 мекеме 376 орынға кеңейтілді. Олардың қатарында Біржан сал ауданындағы Қызылұйым ауылындағы «Аяла» шағын орталығы, Қорғалжын ауданындағы «Зерде», Көкшетау қаласындағы «Da Vinci Kids» және басқа да ұйымдар бар.

Өңірдегі 523 мектепте 140 мыңнан астам оқушы білім алуға. 2025 жылы 1 708 орынға арналған 7 жаңа мектеп ашылды, оның ішінде жеке инвестициялар есебінен салынған Көкшетау қаласындағы 500 орындық мектеп те бар.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі 27 колледжде 19,5 мың студент оқиды. 2025 жылы студенттік жатақханалар тапшылығы мәселесі толық шешіліп, 3 Студенттер үйі салынды.

А.ТОҚАНОВ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БӨРКЕЛДІ

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жетісу облысында жаңа жыл қарсаңында ауылдық жерлерде бірден үш заманауи әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, жаңа дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі және бокс залы бар спорт кешені пайдалануға берілді.

Алакөл ауданының Көлбай ауылында бір ауысымда 25 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория өз жұмысын бастады. Бұл ауылда шамамен 1600 адам тұрады. Бұған дейін бейімделген ғимаратта елді мекен тұрғындарына медициналық қызмет көрсетіліп, көп жағдайда науқастар аудан орталығына жіберілетін.

Жаңа дәрігерлік амбулаторияда сапалы медициналық көмек көрсету үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда егу бөлмесі, стоматологиялық, гинекологиялық кабинеттер, сау бала бөлмесі, күндізгі стационар, сондай-ақ жұқпалы аурулары бар науқастарды қабылдау кабинеті бар. Жаңа медициналық мекемеде акушер-дәрігер, фельдшер және екі медициналық мейірбекмен қосқанда жалпы саны 8 қызметкер жұмыс істейді.

Е.КЕБЕКБАЙ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

## ОҚПР ТЫШЫСЫ

### ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ЕЛ ІШІНДЕ

Алматы облысына жұмыс сапарымен ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары келді.

Халық қалаулылары өңірдегі бірқатар ауыл шаруашылығы нысандарын аралап, агроөнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған заңнамалық өзгерістер жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сапар барысында балық шаруашылығы, жем өндірісі, алма өсіру және көкөніс сақтау инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Депутаттар Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Айдар-

баев» шаруа қожалығының жұмысымен танысты. Аталған қожалық мал және балық азығына арналған түйіршіктелген құрама жем өндірумен айналысады. Былтыр ғана іске қосылған өндіріс орны тәулігіне 3 500 тоннаға дейін өнім шығаруға қауқарлы. Кездесу барысында «Аквамәдениет туралы» заң аясындағы негізгі нормалар талқыланып, отандық балық шаруашылығын қолдауға бағытталған мүмкіндіктер түсіндірілді.

**Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН**  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

### БИЛІК ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

«Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемовпен бірге Қызылорда қаласының тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған жолдауында: «Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» – деп атап өтті.

Кейінгі уақытта азаматтарды жеке қабылдау мемлекеттік

органдар мен тұрғындар арасында тікелей және шынайы диалог орнатудың маңызды құралына айналды. Бұл – нақты мәселені шешуге бастайтын пәрменді әрі тиімді тетік, қоғам мен байланыс жасаудың жүйелі жолы. Осындай жеке қабылдауларда жұртшылық өзін толғандырған мәселелерді көтеріп, оның заң аясында шешілу жолдары туралы нақты ақпарат алады.

Бүгінгі қабылдауға келгендердің басым бөлігі тұрғын үй, несие, денсаулық, әлеуметтік көмек, жер мәселелерін көтерді.

**Ш.КӨШРБАЙ**  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

### ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Шығыс Қазақстан облысының Алтынбел ауылында «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ерікті өрт сөндіру бекетінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысты.

Жаңа нысан Алтынбел, Егінді, Майемер және Үштөбе елді мекендерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Аталған ауылдарда жалпы саны 1600-ге жуық адам тұрады. Жоба жедел қызмет бөлімшелерінен алыста орналасқан ауылдар үшін ерекше маңызды. Мұндай жағдайда төтенше жағдайларға жедел ден қою – адам өмірі мен мүлкін сақтаудың басты факторы.

**А. САТЫБАЛДЫ**  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Байғанин аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Темірқазық» мектептен тыс аула клубы қомуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 130440017014) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Д.Қонаев көшесі, 35-үй, тел. 871345 22-8-02.

6. «ANV Invest» ЖШС (БСН 220140025905) (Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 6-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 4, 1602-кеңсе, тел. 8 778 308 8080.

7. «PROcredit» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 220940037204) заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жібек Жолы даңғылы, 64/47 үй, индекс 050002, <https://altyncoin.kz/> интернет-ресурсы, «Микроқаржы ұйымының қызметі» микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтатуды жүзеге асыру ниеті туралы хабарлайды, лицензия нөмірі: 02.23.0002.М, берілген күні: 19.03.2025 жыл. Call-Center Телефоны: +7 (707) 070 64 37. Күн сайын сағат 08:00-ден 20:00-ге дейін, [info-procredit@prozaimy.kz](mailto:info-procredit@prozaimy.kz) поштасы.

11. «KZON evolution» ЖШС (БСН 150740011694) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 115-үй, тел. 8 776 100 00 08.

12. «ДжиЭл Трэвел» ЖШС (БСН 150940006348) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Вольная көшесі, 100 үй. Тел. +7 701 098 68 93.

13.«Optimate» ЖШС (БСН 200140037063) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қалқаман-2 шағын ауданы, Аспандияров көшесі, 103 үй. Тел. +7 707 827 69 88.

15. «Сейл-2019» ЖШС (БСН 190840006596) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қарақоңыр ауылдық округі, Арыс ауылы, Ш.Әбілқасымов көшесі, 12А үй.

17. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қосшы коммуналдық қызметі» БСН 080440013931 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Целиноград ауданының тұрғын үй инспекциясы және коммуналдық шаруашылық бөлімі, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылдық округі, Ақмол ауылы, 019 есептік орам, 1177 құрылыс, индекс 021804, тел. 8 771 111 61 74.

18. «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамының Астана қаласындағы филиалы, (БСН 181241019161) (ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 22-үй, ВП-8, 01000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жібек Жолы даңғылы, 50-үй, 2-корпус. Тел. +7 (727) 339 26 26.

19. «АЛІЕКО» ЖШС (БСН 241240033410) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Шұғыла ықшам ауданы, 340/3 үй, 12 бөлігі, 65 кеңсе. Тел. 87005475011.

20. Хамит Ерғалиев атындағы №35 мектеп-гимназиясының «Демеу» қоғамдық қоры (БСН 181140033949) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Өркен шағын ауданы, Сатан Шөреев көшесі, құрылыс 90А.

21. «Soft Collection Group» коллекторлық агенттігі» ЖШС (БСН 240840016777) тарату рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Кредиторлар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 2-үй, индекс 050000, мекенжайы бойынша өз талаптарын қоя алады. E-mail: [info@kaskgroup.kz](mailto:info@kaskgroup.kz).

### ӘРТҮРЛІ

3. «Akniet Consulting» ЖШС (БСН 200940027213) өзінің таратылатыны туралы және өзінің «JS Consulting» ЖШС-не (БСН 150140017710) қосылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр-4 ықшам ауданы, 308-үй, 37-пәтер, тел. 8 701 713 0990.

4. «JS Consulting» ЖШС (БСН 150140017710) өзінің таратылатыны туралы және өзінің «Akniet Consulting» ЖШС (БСН 200940027213) «JS

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қалалық басқару жүйесінде және мегаполистің тіршілігін қамтамасыз ететін негізгі салаларда цифрландыруды дамыту және жасанды интеллект технологияларын енгізу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

### ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Дархан Сатыбалдының айтуынша, талқыланған бастамалар Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту жылы аясында жүзеге асырылады және қаланың әрі тұрғындардың нақты қажеттілігіне бағытталған қолданбалы сипатта болуға тиіс.

Кеңес барысында Алматының цифрлық трансформациясының басым бағыттары қаралды. Олардың

қатарында тұрғындар үшін электрондық сервистерді дамыту, әкімдіктің ішкі үдерістерін цифрландыру, көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, экология және қоғамдық қауіпсіздік салаларына, сондай-ақ білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіне зияткерлік шешімдерді енгізу мәселелері бар.

**Т.ИБАСHEBA**  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

### НАРЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ НАЗАРДА

ҚР Премьер-министрінің тапсырмасына сәйкес Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев сауда нысандарын аралап, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (ӘМАТ) бағасына мониторинг жүргізді.

Өңір басшысы Тараз қаласындағы «Корзинка» супермаркетін, «Нүріл» дүкенін және әлеуметтік дүкендерді аралап, негізгі азық-түлік өнімдерінің бағасын зерделеді.

Жамбыл облысында азық-түлік бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында жүйелі шаралар қабылданады. Атап айтқанда, өңірлік тұрақтандыру қорындағы өнімдер нарықтық бағадан төмен бағамен тауарлық интервенциялар тетігі арқылы ірі сауда желілері мен әлеуметтік дүкендерге жеткізілуде. Бұл өз кезегінде сауда субъектілері арасында бәсекелестікті арттырып, бағаның шарықтауына жол бермейді.

**Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН**  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Consulting» ЖШС (БСН 150140017710) қосылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 69, 31-кеңсе, тел. 8 701 713 0990.

8. Павлодар облысы Успен аудандық сотында Сабикова Т.В.-ның өтініші бойынша 6.05.1975 жылы туған, Павлодар облысының тумасы, азамат Сабиков Қуаныш Мұратқұлы, хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы азаматтық іс қозғалуына байланысты, аталған азаматтың жүрген жері туралы қандай да бір мәліметі бар барлық тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде бар мәліметтерді Павлодар облысы, Успен аудандық сотына келесі мекенжай бойынша хабарлауды сұраймыз: Павлодар облысы, Успен ауданы, Успенка ауылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы көшесі, 2-үй. Анықтама үшін телефондар: 8 (71834) 9-14-96, 8 777 611-78-14.

9. «Double Win Trade (Дабл Уин Трэйд)» ЖШС (БСН 160840020193) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды (4 000 000 теңгеге дейін). Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 1А-үй, 12-кеңсе, тел. +7 701 848 88 17.

14. «Жайық Инвест Девелопмент» инвестициялық қаржы қоры» АҚ (БСН 070440002449) өзінің «Жайық Инвест Девелопмент» ЖШС болып қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 293-үй. Тел. +7 701 534 52 28.

16. «БҚО әкім аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС (БСН 010740002558) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179-үй.

### МҰРАГЕРЛІК

5. 14.07.2025 ж. қайтыс болған Төлебай Әбуәліп Сайыпназарұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. 22.07.2025 ж. қайтыс болған Өтепбергенов Алтынайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
[zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, [www.zangazet.kz](http://www.zangazet.kz), WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: [zan-info@mail.ru](mailto:zan-info@mail.ru), [www.zan-info.kz](http://www.zan-info.kz)

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: [kaldybayeva@mail.ru](mailto:kaldybayeva@mail.ru). Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: [nazar.reklama@gmail.com](mailto:nazar.reklama@gmail.com)

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: [zan-at@mail.ru](mailto:zan-at@mail.ru).

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**(Жалғасы. Басы өткен сандарда)**

Қаржыгермен әрі-бері қидаласқан Құралған ашуға басты: – Онда, 30 мың долларға адам өлтіретін кісіні басқа жақтан ізде! Менің шартым – 50 мың доллар. Және де көрешкемізге түсіп, көзімізбен көріп, қолымызбен ұстауымыз керек. Әгерәки, тапсырмаңызды орындай алмасак, өзіңізге қайтарамыз. Бірақ біз көп уәдеден көктетіп ештеңе көрмеген, күнкерісі көрі кемпірдің күнінен де қараң қалған жоқ-жұқа адамдармыз. Кәртешкені тексерген соң ғана сізбен дұрыстап сөйлесеміз.

Осымен бітті дегендей телефонды Қайратқа қарай лақтырып жіберді.

Тым-тырыс тар бөлмеде екеуінің дем алысы бірі-біріне естіледі. Екеуінің де көңілінде «егер осыған бас тіксе, одан арғы тағдырымыз не болады?» деген сауал, бірақ бұдан басқа алдарында сайрап жатқан жол көрінбейді. Жоқшылық деген жалмауыз ғана.

– Сұрағанымызды бере салады деп ойлаймысың? – деді Қайрат. Анау нығын көтерді.

– Білмеймін. Елу мың доллар бізге ақша, оларға түк емес?! Берейін десе бере салады.

– Мәселе тапсырмасын қалай орындаймыз? Қолымызды қалай қанға былғаймыз? Бірақ мынадай қу тіршілікте не істеу керек? Жасымыз отыздың үстінде. Үй жоқ, күй жоқ. Азып-тозған түріміз мынау.

– Сонда да, кісі өлтіріп түрмеде отырудан артық қой.

– Мына түрімізбен бір күн болмаса, бір күні түрмеге түсеміз.

Жатақхананың ұзын дәлізінен төбелескендердің айқай-шуы, боқтаған сөздер, мас қыздардың балағаттасқан үндері естілді. Бұлардың есігін біреу бар күшімен бір тегтті.

– Накұрыс, барып аяғыңды жұлып алар ма еді.

– Токта, мұндай бұзықтармен төбелесіп сотталғанша, қалтамызды қалыңдатып алып, сотталайық.

Олардың ойын түсіне қалғандай, телефон ызылдап қоя берді. Екеуі де алуға қорыққандай үрпісіп қалды. Ақыры Құралған алды.

– Күреке, сіздердің сұраған ақшаңызды беремін. Ұялы телефонға көрешкеңіздің нөмірін жіберіңіз. Жарты сағаттан соң ақша түседі. Тексерулеріне болады. Субъект сенбі күні саунада болады. Ортадағы адамдар сіздерді қажетті жерге апарды. Қол қойдыратын қағаз соларда.

Қолындағы телефонға жабысып қалған жігіт тілсіз. Көзі ұясынан шығып, қасындағы серігіне қарап, шекесін сүк саусағымен бұрап жіберді. Оның кімді ақымақ деп отырғанын түсінбеген Қайрат:

– Не болды, отқаз берді ме? Әрине, қанша бай болса да, ондай ақшаны лақтырып жіберу оңай емес.

– Сұраған ақшаны көрешкеге аударды. Уацапқа көрешке нөмірін жолда деп жатыр. Енді не істедің?! – Бәрі сандырақ.

– Онда көз көзгізесің.

Арада бір сағат өткенде жатақханадан асығыс шыққан екеуі орталықтағы банкоматқа барып, Құралғанның көрешкесін тексергенде, естерінен танып құлап қала жаздады. Олар сол жерді біраз айналышып жүрді де, қайтып келе жатып, екі бөтелке сыра алды.

– Енді бізден бай адам жоқ. – Құралған күмілжіді.

– Ананы қалай өлтіреміз? Оны өлтіреміз деп жүргенде, жанындағы күзетшілері өзімізді жазым етсе, бай боламыз деп жүріп, басымыздан айырылармыз, – деген Қайрат желкесін қасыды.

– Оны неге өлтіруге құмар болды екен? – Ау, бакталастық та. Анау келіп орнын тартып алды. Тағы бірденелері бар шығар.

– Сонда өлтіру керек пе?

– Қазіргілер ақша үшін еш нәрседен тайынбайтын болды емес пе? – Соның бірі біз болдық, – деп қосып қойды Қайрат. – Жетім болғанымыз да дұрыс болды. Сотталып кетсек, анамыз сорлайтын еді.

Ұялы телефон дыз ете қалды. Әр жағынан таныс үн: – Жігіттер, түнгі сағат бірде орталық сауда үйінің жанында сіздерді Ниваның жүргізушісі күтіп тұрады. Егер жоспар өзгеретін болса, тағы да хабарлаймыз.

– Қалай? – дей берген Құралған үзілген телефонды ұстап қалды.

– Енді қалай өлтірем деп сұрайын деп пе ең! Буындырып өлтіре салмаймыз ба?



# БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

Байлар бірін-бірі өлтіріп байып жатса, біз неге қорқамыз? Обалымыз соларға. Қайраттың үні бір шешімге келгендей қатқыл шықты:

– Өзекті жаңа бір өлім. Бүйіп ит тіршілік кешкеннен бір күнде болса, шайқап қалайық. Солай Күреке, демек, шегінетін жер жоқ.

\*\*\*

Түн баласы көз ілмеген екі жігіт ертеңіне жұмысыздар тұратын мүйіске бармады. Күні бойы ұялы телефондарын бағып, тырп етпестен жатып алды. Осындай қатерлі іске бас тіккендерін бірінен-бірі көріп, шексіз те қалады. Кейде екеуі де өз ойларымен өзі болып, тым-тырыс жатады. Шалқасынан жатқан Құралған:

– Қайрат, оның ойына біз қайдан келе қалдық? Бағымыз ба, сорымыз ба? Біз біреуді өлтірмек түгілі, бұрын-соңды тышқан мұрын қанатып көрмеппіз. Енді аяқ астынан баскесер болып шыға келетінімізге барған сайын күмәнім көбейіп барады. Әлі де кеш емес, осыдан бас тартсақ қайтеді?

– Сосын мұндай ұсыныс бізге екінші рет түсе ме, түсейі ме?

– Судың да сурауы бар. Дырдай банкирді өлтіріп, із-түзсіз жоғалып, ұстатпай кету мүмкін бе?

– Сен екеуімізге мүмкін емес шығар. Бірақ талай атактыларды өлтіргендер табылмай, сол күйінде ізім-қайым жоқ болып кетіп жатқан жоқ па?

– Тіпті мына банкир бізді түрмеге тығып тастап, ақшасын өзі қайтып алмасына кім кетілі!

Қайрат басын көтеріп алды.

– Мәссаған, Күреке, осындай ақылды болсаң, басыңда неге келістің? Біздің тілімізді кесіп құнтитып, құлағымызды кесіп шұнтитып тастамаса, өлтіруге кім заказ бергенін айтамыз ба? Өйтпесе, сол құрып қалғар банкирді бізге керек пе?

– Ім. Сөзіңнің жаны бар.

– Қайрат деймін. Сонда оның көзін бақырайтып қалай өлтіреміз? Обал ғой. Мал емес, адам. Мен тіпті мал бауыздап көрген емеспін.

– Ол саунадан шыкса, араққа тойып алған болар. Мас адамды өлтіру оңай. Ана менің құрылыста пайдаланған темір балғам бар ғой, ап-ауыр. Қара құстан бір соғамыз. Ол есінен танып қалады. Сосын арт жағында отырған сен, ана қаптың аузын байлап жүрген кендір арқанды мойнына салып жіберіп, тартып қаласың. Бітті.

– Сосын оның өлігін қайда тастаймыз? Көміп тастаймыз ба?

– Оның қабірін қазып болғанша екі сағат уақыт керек. Соған дейін сенің жүйкең оның жансыз денесін көріп тұруға шыдай ма?

– Құдай сақтасын.

– Көлігін, қала сыртындағы орман ішіне тастай саламыз. Өзіміз Ресейге өтіп кетіп, ізімізді жасыра тұрамыз.

– Мұның да дұрыс.

Сол арада телефон дыз етті. Екеуі тағы үрпісіп алдарында жарылғыш жатқандай алуға асықпады. Ақыры Қайрат көтерді. Бұл тапсырыс берген банкирдің адамы екен.

– Жігіттер, түнгі сағат екіде «Марс» кафеінің қасында күтем, қара түсті Нива нөмірін жазып алыңыз. Сендердің бірінің қолында газет, бірінің қолында көзілдірік болсын. Сау болыңдар.

Екеуі тағы бір-біріне қарады.

– Тіпті, уақыт таңған сайын маза болатын емес. Ана мырзаға айтып, бас тартсақ па екен?

– Осы айдың пәтер ақысын төлеген жоқпыз. Ертең үй иесі шығарып жіберсе, қайда паналаймыз? Қаңғыбастар түнейтін құдықтарға түсеміз бе?

– Меніңше, ана мырзаның айтқанын орындаудан басқа амалымыз қалмады.

– Қылымысты неге жасадың дегенде, осындай уақ айтсақ, бізге жеңілдік бола ма, болмайды ғой.

– Талай кісі өлтіріп ізін жасырушылар құтылып кетіп жатады. Біздің де жолымыз болып кетер.

– Білмеймін. Алдымыз тас қараңғы тәрізді, ертеңіміз бар ма, жоқ па? Бар болған күнде біреудің қанын жұктеген күнәһар болатындығымыз ойласам, өмір сүргім келмей кетеді, – деген Құралған екі қолымен шекесін қысты. – Бірақ біздей жетім-жігіттер мен кедей-кепшіктерге басқа жол бар ма?

– Не болса да екеуіміз ендігі тағдырдың тартуын бірге көреміз.

Қайрат серігінің қолын қысты. Күздің күні әп-сәтте бұзылып, көрі еменнің жапырақтарын жұлқылап, жұлып кетіп жатқан жыңды жел ысқырып, үйлердің арасын жалғастырған телефон сымдары мен электр желілері шайқалып, үзіліп түсердей әсер қалдырады. Жел сал саябырсығанда, терезені тырс-тырс жаңбыр тамшылары ұрғылады.

Терезден түн қараңғылығына телмірген жігіттер табиғаттың аяқ астынан тас-талқан бұзылуын өздерінің көңіл-күйлерімен астарлас бір құбылыстай көріп, аспанға үрке көз тікті. Ұзын дәлізден мас қыздардың:

– Ай лаво, әй, красавчик, – деген масаң дауыстары естілді.

– Мә саған, салдақы, бұл менің күйеуім, аулақ жүр, – деді біреуі.

– Нағыз ит байласа тұрғысыз жер.

– Балалары бар, отбасыларына обал ақ, – деді Қайрат, – Бүгін түнде жаңбыр жауып тұрса, біздің жолымыз болар.

– Жүр одан да мешітке барып, садақа беріп шығайық.

– Сен Құдайға сенесің бе?

– Сенсек те, сенбесек те, барып шықсақ артық болмас.

– Мына ұсынымызбен бе? – Құралған желімі ашылып, ырсынып кеткен аяқ киіміне қарады.

– Ол жерге онсыз да біз сияқтылар барады, – деген Қайрат серігін зорлағандай боп киіндіріп, үйден алып шықты.

Бұл қарсы шыққанда айналаны

қою қараңғылық басып, бағана басындағы шамдардың әлсіз жарығы жанына жақын барғанда ғана аяқ жолды көрсетіп, осымен болдым дегендей, арттарында қала береді. Көшенің ой-шұқыры жүрісті мандытпаған соң, олар жол аяғы кендеу келесі көшеге шықты.

– Сағат қанша болды?

– Ой үстіндегі Құралған селк ете қалды.

– Шошып кеттің ғой.

– Токсан жолдың торабындамын.

– Күреке, осы сен Құдайға сенесің бе?

– Әрине, бір сенетін, сыйынатын күш болу керек.

– Жәқынды мен бір түс көргенмін.

Елең ете қалған Құралған кілт тоқтады.

– Ау, оны неге баяғыдан айтпадың?

– Онша мән бермеген едім. Енді мынадай оқиғаға кезіккен соң, осыған дөп келіп тұрған тәрізді.

– Ал онда айта ғой.

– Айтсам... Екеуіміз атқа мінгесіп келеді екенбіз. Артымыздан қасқыр қуды. Менің қолымда мылтық. Сен жан ұшырып «Ат! Ат!» – дейсің. Мен атайын десем, ата алмаймын. Содан алдымыздан теңіз көрінді, кәдімгі Аралдың теңізі. Артымызда – қасқыр, алдымызда – теңіз. Тоқтамай

диптің соңынан түсіп, саяжайға дейін ілесіп отырды. Қаржыгерді апарған қыз айналған соң, оның шығуын аңдыды. Саяжайдың қалың ағаштарының арасынан ауладан көз алмай отырған Қайрат:

– Қыз кетті. Банкир ұйықтап қалған болса керек, – деді.

– Онда қалай кіреміз?!

Рөлге сүйеніп қалып кеткен жігіт басын көтеріп алды да: Сағатына қарап:

– Ой, бітті жігіттер. Менің уақытым өтті. Мен екіге дейін деп келіскенмін. Түсіңдер. Әрі қарата өздерің қимылдайсыңдар, О, кей, бай-бай, – деп бұларды машинадан түсіріп, түн қараңғысына сіңіп жоқ болды.

Екі жігіт көзге түрткісіз қараңғылыққа көз үйретіп шамалы тұрған соң, тың тыңдады.

– Ол малғұн осында жатса, бірдеңе қылармыз. Ал, ана қыз алып кетсе ше?

– Егер алып кететін болса, мұнда тасып не істейді. Тек қасында күзетшісі болмаса да.

Ағаш бұтақтарына аяқ-қолдарын жырғызып, үйге жақындаған екеуі, кірпішпен қаланып тасталған тас дуалдан мойындарын созып, ішке үйді. Тым-тырыс.

– Ішке кірейік, – деді Қайрат. – Арқаңды тос. Мен секіріп түсейін. Секіріп ішке түскен жігіт сәл тұрды да, әр жақтан темір баспалдақты көтеріп, сыртқа берді. Кіреп есік жабық. Терзелердің темір торы жоқ екен. Біреуін жаппай, қапсырып қойыпты. Содан ішке жайлап енген екеуі төменгі жақтағы бөлмелерде тірі жанның тоғына көз жеткізген соң, жоғарыға көтерілді. Бір қорық естілді. Олар алға жылжыды.

Саунасы бар бөлменің үлкен жақтасында шалқасынан жатқан банкирдің өлі-тірісі белгісіз.

– Тірі ме?

– Тірі сияқты.

– Фонарыңды жақшы.

– Біреу көріп қалмай ма?

– Терзелерді жап.

– Енді жақ.

– Тамырын ұстап қарайық.

– Тірі сияқты. Бұған не болған?

– Аналар әдейі әкеліп тастап кеткен болды.

– Мейлі ғой. Енді қалай қол қойдырамыз? Шырақ бар ма?

– Әне, бар.

– Жақ.

– Қолын ұстап көрші. Ыңғайға көне ме?

– Көрейін.

– Енді манағы қағазды ал. Қолының үлгісін ал да, соған ұқсатып қол қойдырып көр.

– Асықпа. Мұнда бізден басқа тірі жан жоқ.

– Онда екеулеп тұрғызыайық.

Банкир бекілік-сылық етеді.

– Кеудесінде жаны бар демесең, есін білмейді.

– Мүмкін ұйқысы қатты шығар.

Әбден батылданып алған екеуі банкирді сүйемелдеп отырғызып, қолының сыртынан қаламды ұстап тұрып, қағаздағы үлгісіне қарап, шартқа қолын көшірді. Шамалы қисық түскені болмаса, оның қолы екендігіне ешкім күмән туғызбайды.

– Бітті! Кеттің! – деді банкирдің қанын мойындарына жүктемей, тапсырманы орындағанына мәз болған Құралған.

– Бүкіл ұстаған жерімізді орамалмен мұқият сүртеіік. Қолтаңбамыз қалмасын, – деді Қайрат, – Асыққан – шайтанның ісі. Жақын маңдағы саябақтан ит үрді.

Шошып кеткен екеуі демдерін ішіне алып, біраз тың-тыңдады. Банкир ысқынып, дыбыс шығарғандай болды.

– Өліп қалып, бөлесіне қалармыз. Тез жүр, – деп асықтырды Құралған.

– Менің байқауымша, мұны уландырып әкеліп, лақтырып кеткенге ұқсайды.

– Мейлі, бізден көрмесе болды.

– Обал болды.

– Енді дәрігер шақырайын деп пе едің?

– Шақырса несі бар?

– Өлтірейін деп келген адамды өлейін деп жатыр деп дәрігерге көрсетемісің? Онан да бұл жерден тез жоғалайық.

– Мынауымыз жараса.

– Жарайды. Жарамаса, ақша беріп жаратады.

– Онда кеттік.

Екеуі саяжайға қалай кірсе, солай шығып, терезені қапсырды. Құралған ізін сұртуды ұмытпады, сыртқа темір баспалдақпен шығып, оны да ысқылап, ішке лақтырып жіберді.

Зияш ТЕЛЕУОВА

**(Жалғасы бар)**

# ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**  
Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665  
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**  
050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
E-mail: zanreklamastana@mail.ru  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
Жеке таралым 6545 дана  
Апталық таралым 13090 дана  
Тапсырыс №92 Индекс 65921  
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-төлемдер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.  
Газетті есепке қою туралы №16297-Г кәулікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31